

ҚОСТАНАЙ ТАҢЫ

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

27 маусым 2018 ж.

сәрсенбі

№73 (18721)

Ғылымның шыңына шыққан ғалым

Академик Кенжеғали Сағадиев 80 жаста

**Кенже
ҚОНЫСБАЙ**

Экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым мен техника қайраткері Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев биыл 80 жасқа толып отыр. Осынау мерейлі датаны академиктің жерлестері де кең көлемде атап өтпек. Қазақтың осынау дарынды перзенті жайында «Қостанай таңы» газеті де сыр шертеді.

Қазақ даласындағы бала біткен асқак арманның жетегінде жүріп ер жетеді емес пе. Әсіресе, Торғай төсіндегі әр тентек әнші-жыршы, атакты акын, қарымды жазушы болуды аңсап өседі. Бәлкім, бұл қасиетті топырақтың киесі болар. Сол өңірден талай сөз сүлейі шықты. Міне, осынау қалың гуманитар арасынан экономист, ғылым мен техника қайраткері де дүниеге келді. Ол – Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев.

Әрине, ол да туған жер тегіне тартып, қалам ұстар ма еді, бірақ тағдырдың жазуы басқаша болды. Сонау шалғайдағы қазақ ауылында экономист болуды армандап, оқу-білімді жанына серік еткен жас бала Тәуелсіз қазақтың ел болып, еңсе тіктеуіне орасан үлес қосар деп кім ойлаған?! Ақкөзден Алматыға бет алған ол мемлекет және қоғам қайраткерлері бар үлкен шоғырдың ішінен суырылып шығып, экономикаға зор сілкініс әкелді.

Өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап, бүгінгі күнге дейінгі ел экономикасында Кенжеғали Әбенұлының ізі жатыр. Мемлекеттік саясатқа белсене араласып, оның барлық даму кезеңдеріне терең талдау-сараптама жасады. 1993 жылы ол әлемнің ірі анықтама баспасының бірі – Кембридж орталығының ұйғарымымен «Жыл адамы» құрметті атағының иегері атанды. Өз заманында Иосиф Бродский мен Михаил Горбачёвтың да мұндай атактың лауреаты болғанын айта кету керек. Дүниежүзіне танымал Кембридж университеті сол жолы алғаш рет «Қазақстандағы реформалар: сараптамалық көзқарастар» тақырыбымен монография жариялауы қазақ ғалымының шабытын арттыра түскен болатын.

Тіпті, атакты жерлесіміз саналы ғұмырында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен бірге халқының бар қиындығы мен қуанышын бөлісіп келе жатыр. Отандасы ретінде де, азамат ретінде де, сенімді серігі ретінде де, нағыз досы ретінде де үнемі қасынан табылып, Тәуелсіз Қазақстанның даму барысындағы даңғыл жолын жасаған азаматтардың бірі.

Кенжеғали Сағадиев жайында мақалалар легін осы нөмірдің 8-9 беттерінен оқи аласыздар.

